

Алма мен алмұрт тереді.

Ауылға Арман бала да,

Арбамен тасып береді.

3. Баланың жаман баға алмағаны,
Мұғалім ағаның жаман болмағаны.

4. Бар, май шайқа,

Байқа, жай шайқа.

5 кезең: «Капитандар сайысы», берілген әріптерден сөздер құрастыру.
Сиқырлы жетілік.

1. Қазақ тіліне тән неше дыбыс бар?

Қазақ тіліне тән 9 - дыбыс бар

2. Дыбыстар нешеге бөлінеді?

Дыбыстар екіге бөлінеді (Дауысты, дауыссыз)

3. Дауысты дыбыстар нешеге бөлінеді?

Дауысты дыбыстар екіге бөлінеді (жуан және жіңішке)

4. Дауыссыз дыбыстар нешеге бөлінеді?

Дауыссыз дыбыстар үшке бөлінеді (Ұяң, үнді, қатаң)

5. Қазақ тілінде неше әріп бар?

Қазақ тілінде 42 әріп бар.

6. Әдепті бала дегеніміз кім?

Үлкендердің сөзіне араласпайды, автобуста орын береді.

7. Көптік жалғауларды ата?

Лар, лер, тар, тер, дар, дер.

«Қара жорға бийі» 8 қазақ сыныбының қыздарының орындауында.

«Жаңылтпаш айтып жарысу» мен «Капитандар сайысы» қорытындысы

6-кезеңі «Бой сергіту»

- Интерактивті тақтада көрсетілген 5 тақырып бойынша сұрақтарға жауап беру

Ұлттық тағамдар:

1. Қазақтың ұлттық дастарқанының негізгі тамақ түрлері қандай?

2. Наурыз көже дегеніміз не?

3. Мақалды толықтырыңыз

Еңбектің ... тәтті,

Жалқаудың жаны тәтті

Қазақтың салт- дәстүрлері:

7. Қазақ халқының салт-дәстүрлерін атаңыздар.

8. Бата дегеніміз не? Оны кім береді?

9. Суретте бейнеленген дәстүр қалай аталады?

Ұлттық киімдер:

10. Ұлттық киімдерге нелер жатады?

11. Қалындықтың бас киімі қалай аталады?